

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
АКАДЕМИГІ, ТАРИХ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР ТІЛЕУ
СӘДУАҚАСҰЛЫ
КӨЛБАЕВ**



(12.07.1942 – 15.06.2017)

2017 жылдың 15 маусымында елімізге танымал тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының бірнеше мәрте иегері, 1968-1974 жылдардағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (бұрынғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ) тарих факультетінің түлегі және 1985-1989 жылдары тарих факультетінің ұстазы болған Тілеу Садуақасұлы Көлбаев 75 жасқа толуына бір ай уақыт қалғанда кенеттен қайтыс болды.

Т.С. Көлбаев 1942 жылы 12 шілдеде Ақмола облысының (бұрынғы Целиноград облысы) Макинск қаласында дүниеге келген. 1960 жылы орта мектепті бітірісімен әскер қатарына шақырылып, 1965 жылға дейін Түркістан әскери округіне қарасты Ташкент, Термез қалаларында курсант, рота старшинасы лауазымында әскери борышын өтейді. Екі тілде еркін сөйлеп, көркем жазатын Тілеу Сәдуақасұлы әскерде жүріп әскери өмір мен тұрмыс, қарулас достары мен командирлері туралы округтің ресми баспасөз органында 22 танымдық сипатта мақалалар жариялайды. 1965-1966 жылдары Макинск қаласындағы №1 орта мектепте мұғалім болумен еңбек өтілін бастап, бірден басшылықтың назарына жақсы жақтарымен ілігеді. Қабілетті жас жігітті Макинск қалалық партия комитеті бірден нұсқаушы етіп жұмысқа алады. Ал 1968-1974 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде оқып, тарихшы,

қоғамтану пәндерінің оқытушысы мамандығын алып шығады. 1970 жылдан бастап Алматы қаласына ауысып, қаладағы №12 техучилище директорының орынбасары, одан кейін қаладағы Фрунзе, Октябрь, Алатау аудандарындағы партия комитеттерінде басшылық қызметтер атқарады.

1977 жылы Тілеу Сәдуақасұлы партиялық жұмыстардан бас тартып, ғылыми-педагогикалық жұмысқа бет бұрады да, алғашында Алматы мал-дәрігерлік институты (АЗВИ) КОКП тарихы кафедрасында оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (бұрынғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ) жанындағы Білім жетілдіру институтының КОКП тарихы кафедрасында оқытушы, одан кейін ҚазҰУ-нің тарих факультетіне оқытушылық қызметке ауысады. 1984 жылы ҚазҰУ-дегі арнайы диссертациялық Кеңесте кандидаттық диссертациясын қорғайды да, 1985 жылдан университеттің тарих факультетінде оқытушылық қызметке кіріседі. Осы жылдары біздер Тілеу Сәдуақасұлының дәрістерін тыңдап, семинарларына қатыстық.

1990 жылдары доцент Т.С. Көлбаев Алматы қаласындағы бірнеше ЖОО-нда доцент, профессор болып жұмыстар атқарады. XX ғ. 20-40 жж. Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне арналған тақырыптан докторлық диссертациясын қорғап, ширек ғасырға жуық осы тақырыпқа арналған зерттеулер жүргізеді, еңбектер жариялайды. Ұстазымыз өзінің соңғы 20-шы «Сталин және Қазақстан» атты сиясы кеппеген монографиясын қолына ұстап үлгерген екен.

Профессор Т.С. Көлбаевтың соңғы монографиясына пікір бере отырып, мынадай ойлар мен тілектер беріппін: «...Келер жылы, яғни 2017 жылы ағайымыз 75 жасқа толады. Юбилейінің қарсаңында ағайымыз өзінің еңбектерінің тізімдерін құрастырып, өзіне, оқырмандарына есеп беріп отырғандай. Ең алғашқы мақаласы 1962 жылы «Старшина Алтай Мусин» деген атаумен Түркістан әскери округінің «Фрунзевец» атты газетінде жарияланады. Әскер қатарында жүріп қолынан қаламын тастамай 22 танымдық

мақала жариялайды. Содан бері ағайымыз журналистикамен достасып, күні бүгінге дейін еліміздің газет-журналдарында негізінен тарихи тақырыптарға арналған 592 мақалалар жариялапты.

Тарих ғылымының тұңғығына бойлап енген ағайымыз ғылыми мақалаларды да өндіріп жазады. Алғашқы ғылыми мақаласы 1969 жылы «Агитатор Казахстана» атты журналда Жеңістің 40 жылдығына орай «К славному юбилею» деген атаумен жарық көрген екен. Профессор Т.С. Көлбаевтың № 228 ғылыми мақаласы 1916 жылғы елімізде болған ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай, «Құлдық құрсауын үзген көтеріліс» деген атаумен 2016 жылы «Патриот» журналында жарық көреді. Бұл, әрине, ағайымыздың соңғы жұмысы емес. Алда әлі талай жұмыстарының жазылатыны айдай анық.

Профессор Т.С. Көлбаев 1991-2016 жылдар аралығында 19 монографиялық еңбек жариялаған екен. Ол монографиялардың негізгі тақырыптары бұған дейін айтып өткеніміздей, 1920-1930 жылдардағы сталиндік тоталитарлық жүйенің Қазақстандағы зорлық-зомбылықтары, жаппай саяси қуғын-сүргін, аштық, Ә. Әйтиев, Л. Мирзоян секілді басшылардың өмірі мен қызметі, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың майдандардағы ерліктері, тылдағы ерен істері, Қазақстанда жасақталған 100-ші және 101-ші ұлттық бригадалардың тарихына арналған. Мұндай көрсеткіштер ғалымның шығармашылық қуатының зор болғандығын және әлі де таусылмағандығын көрсетсе керек. Үнемі солай бола берсін деп тілейік». Өкінішке орай, олай болмай шықты. Кенеттен келген ажал ғалымды ортамыздан алып кетті.

Марқұмның қайтыс болуына байланысты университет, факультет және редакция ұжымы оның отбасына, жақын туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

*Дайындаған: т.ғ.д., профессор
Б.Б. Кәрібаев*